

Мектеп басшылары

Сағындықов Жалғас 1964 жылы Гурьев педагогикалық институтының тарих және филология факультетін бітірді. 1964 жылы Сам мектебінде мұғалім болады. 1964-65ж әскер қатарында қызмет етті. 1965-74ж Аманкелді мектебінде мұғалім болып жұмыс істеді. 1974 жылы Бейнеудегі сырттай оқитын мектептің директоры қызметін атқарды. 1974-1985 жылдары Жанкелдин атындағы орта мектебінің алғашқы директоры болды. 1985-90ж осы мектепте мұғалім болды. 1990-95ж Сам кеңшарында кәсіподақ комитетінің төрағасы жұмыс істеді. 1996 жылы Жанкелдин мектебінде мұғалім болып, осы жылы зейнеткерлікке шыққан.



Марапаттаулары: 1976ж облыстық білім басқармасының арнайы куәлігіне ие болған; 1976, 1980ж 2 мәрте "Социалистік жарыстың жеңімпазы" белгісімен марапатталған; 1969, 1979ж 2 мәрте Облыстық партия комитетінің Құрмет грамотасымен марапатталған; 1986 жылы "Қазақ ССР халық ағарту ісінің үздігі" атағын алды.

Жанбыров Сұлтан - Гурьев мемлекеттік педагогикалық институтының биология факультетін 1972 жылы бітірген. 1974 жылдан Сам орта мектебі директорының тәрбие жөніндегі орынбасары, 1977 жылдан Сам орта мектебі директорының оқу істері жөніндегі орынбасары, 1982 жылдан Бейнеу аудандық мәдениет бөлімінің бастығы, 1985-94 жылдар арасында Жанкелдин орта мектебінің директоры, 1994 жылдан Жанкелдин селосының әкімі, 2000 жылдан Бейнеу аудандық білім бөлімінің бастығы, қызметтерін атқарған. 2001 жылғы Қазақстан Республикалық Білім және Ғылым қызметкерлерінің съезінің делегаты. Марапаттаулары: 1988 жылы "Қазақ ССР ағарту ісінің озық қызметкері" значогымен марапатталды.



2001 жылғы желтоқсанның 3-дегі Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығы бойынша "Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл" мерекелік медалімен наградталды.

Тақабасев Сәуірбай 1975 жылы Гурьев педагогикалық институтының физика-математика факультетінің математика бөлімін бітірген. 1975 жылы 9-тамызда Жанкелдин орта мектебінде физика-математика пәндерінің мұғалімі болып жұмыс істеді. 1977 жылы қазан айынан бастап мектептің кластан және мектептен тыс жұмыстарын ұйымдастырушысы болған. 1981 жылы қыркүйектен Жанкелдин орта мектебі оқу-тәрбие ісінің меңгерушісі қызметін атқарды. 1994-99 және 2005-09 жылдар арасында аталған мектепте директор қызметін атқарды. 2000-05 жылдары "Бейнеу мектеп-интернаты" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының директоры болды. 2005 жылы Жанкелдин орта мектебіне қайта директор қызметіне келді. 2009



жылдан бері мұғалім, әлеуметтік педагог.

Марапатталуы: 1992 жылы "Халық ағарту ісінің үздігі",

2000 жылы Қазақстан Республикасының Президентінің Алғыс хаты,
2014 жылы Білім министрінің Құрмет грамоталарымен марапатталған.



Болысов Есен 1972 жылы Қазақтың мемлекеттік Абай атындағы педагогикалық институтының жаратылыстану-география факультетін география-биология мамандығы бойынша бітірген. 1972-74 жылдары Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданының Келінтөбе орта мектебінің мұғалімі болды. 1974-75 жылдары Бейнеу ауданы Каменный орта мектебінің мұғалімі болып жасады. 1976-82 жылдары Бейнеу ауданы мәдениет бөлімі меңгерушісі қызметін атқарған. 1982-88 жылдары Бейнеу ауданы "Сам" совхозының партия комитетінің хатшысы болды. 1988 жылдан жылдан

Жанкелдин атындағы орта мектебінде мұғалім, мектеп директорының тәрбие істері жөніндегі орынбасары, 2000-05ж осы мектеп директоры болды. 2005-08ж Бейнеу мектеп-интернаты мекемесінің директоры қызметін атқарған.

Марапатталуы: 1993ж Білім және ғылым министрінің Құрмет грамотасы, 2006ж облыс әкімінің Алғыс хаты, 2008ж "Маңғыстау облысына 35 жыл" төсбелгісімен марапатталды.



Сағындық Айсa 1992ж Атырау педагогикалық институтын қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын Жанкелдин орта мектебінде мұғалімдік қызметтен бастаған. Аталмыш мектепте тәрбие ісі жөніндегі орынбасар қызметін атқарған. 2009-12ж мектеп директоры болды. 2012ж бері Бейнеу мектеп-интернаты мекемесінде директор. Марапатталуы: 2013-14ж облыс әкімінің Алғыс хаттарымен марапатталған.



Избасаров Жомарт 1985ж Орал педагогикалық институтының физика-математика факультетін бітірген. Жанкелдин орта мектебінде алдымен мұғалім, одан кейін оқу ісінің меңгерушісі, бүгінгі таңда мектеп директорының қызметін атқарып келеді. Марапатталуы: 2006ж Білім және ғылым министрінің Құрмет грамотасы, облыстық білім беру бөлімінің Құрмет грамотасы.